

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІ
АДМИНИСТРАЦИЯ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
EXECUTIVE OFFICE OF THE PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСІ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОНГРЕСС ИСТОРИКОВ
NATIONAL CONGRESS OF THE HISTORIANS



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІ:
ҚАЗІРГІ ЗАМАН МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ» атты**
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научно-практической конференции
**«РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН И ЕВРАЗИЙСКОЕ ПРОСТРАНСТВО:
СОВРЕМЕННОСТЬ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»,**
посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан

WORKS
of the international scientific-practical conference
**«THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE EURASIAN SPACE:
THE PRESENT AND THE FUTURE DEVELOPMENT»**
dedicated to the 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan

II бөлім • часть II • part II

АСТАНА
2016

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

Қ18

Бас редактор: Сыдықов Е.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Редакция алқасы:

Молдажанова А.А. – п.ғ.д., профессор, оқу ісі жөніндегі проректор

Қамзабекұлы Д. – ф.ғ.д., профессор, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор

Айтмағамбетов Д.Р. – ректордың аппарат жетекшісі

Пауло Ботта – профессор, Аргентина

Жеребцов И.Л. – т.ғ.д., профессор, Ресей

Гюрер Гульсевин – т.ғ.д., профессор, Түркия

Садықов Т.С. – т.ғ.д., профессор, тарих факультеті деканы

Көмеков Б.Е. – т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Дүкенбаева З.О. – т.ғ.д., профессор, Еуразиялық зерттеулер кафедрасының меңгерушісі

Алпысбес М.А. – т.ғ.д., профессор

Бердагулова С.К. – т.ғ.к., доцент

Абдрахманова Г.С. – т.ғ.к., доцент

Сыздық С.Қ. – магистр, оқытушы

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес.

Мнение авторов публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной коллегии.

The opinion of the authors of publications do not necessarily coincide with the views of the editorial board.

Қ18 «Қазақстан Республикасы және Еуразия кеңістігі: қазіргі заман мен даму келешегі» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақалалар жинағы, II б. 435 б. / Жалпы ред.бас. Е.Б. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы.

Труды Международной научно-практической конференции «Республика Казахстан и евразийское пространство: современность и перспективы развития», посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, часть II. 435 стр. / Под ред. Е.Б.Сыдыкова – Астана: Издательство ЕНУ им. Л.Н.Гумилева.

Works of the international scientific-practical conference «The Republic of Kazakhstan and the Eurasian space: the Present and the Future Development», dedicated to 25th anniversary of Independence of Kazakhstan, part II. 435 p. / edited by E.B. Sydykov – Astana: Publishing house of L.N. Gumilyov Eurasian National University.

ISBN 978-9365-31-794-1

Жинақта 2016 жылдың қазан айының 20 күні Астана қаласында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары берілген. Мақалалар автордың редакциясымен жарияланды.

В сборнике представлены труды международной научно-практической конференции, посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, прошедшей в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Астана, 20 октября, 2016 г. Материалы публикуются в авторской редакции.

The collection contains the works of the international scientific-practical conference dedicated to 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan, which was held at the L.N. Gumilyov ENU. Astana, October 20, 2016. Materials are published in author's version.

ISBN 978-9365-31-794-1

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

МАЗМҰНЫ

СЕКЦИЯ – 1. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕН ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢГЕ ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІ / ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА КАЗАХСТАНА С ДРЕВНЕЙШИХ ВРЕМЕН ДО НАШИХ ДНЕЙ

Абдрахманова Г.С., Каратаев О.К. ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА	3
Абдрахманова К.К. ТОРГОВЛЯ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫМИ ТОВАРАМИ В ГОРОДАХ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА В 1950-1970-е ГОДЫ	6
Абуев К.К. СИБИРСКОЕ ХАНСТВО В КОНТЕКСТЕ КАЗАХСКО-РУССКИХ ОТНОШЕНИЙ (историография проблемы)	9
Азмұханова А.М. ЖӘДИДТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІНЕ КӨШУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ.	14
Азнина К.А. ҚОЙЛЫБАЙ БАҚСЫНЫҢ КҮЙ ӨНЕРІ МҰРАСЫ	19
Алибек С.Н., Косанбаев С.К. ОПИСАНИЕ ТРАДИЦИОННОГО УКЛАДА ЖИЗНИ И БЫТА КОЧЕВЫХ КАЗАХОВ ТУРКЕСТАНСКОГО КРАЯ (НА ПРИМЕРЕ Н.ЗЕЛАНДА, Н.КАЛМАКОВА, Г.И.СПАССКОГО И Б.ЮЗЕФОВИЧА)	21
Алпысбес М.А. ШЕРУШІ БАЙТАЙЛАҚ БАТЫР ТУРАЛЫ ТАРИХИ-ШЕЖІРЕЛІК ДЕРЕКТЕРДІҢ ТАҒЫЛЫМЫ	24
Альжанова Э.Е. КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬНОЕ ДЕЛО КАЗАХСТАНА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА	30
Амрина М.С. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАЛАЛЫҚ ОБЛЫСТАРЫН ЗЕРТТЕГЕН Ф.А. ЩЕРБИНА ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ТАРИХЫ	32
Анасова А.Б. МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИ-РУХАНИ ДАМУЫ	41
Арапов Ж.М. ҚАЗАҚ ЭТНОСАЯСИ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ НАЙМАН ТАЙПАСЫНЫҢ ОРНЫ	43
Ахметшина Г.У. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕК	47
Базылхан Н. ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИЕ ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ФАКТОРЫ (VII–XIV ВВ.) (этносемантические проблемы погребально-поминальных комплексов)	51
Балгабаева Г.З. РАЗВИТИЕ ВОЕННОГО ДЕЛА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД ЗАРОЖДЕНИЯ КОЧЕВНИЧЕСТВА	57
Балыкова А.М. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН (XX ҒАСЫРДЫҢ I ЖАРТЫСЫ)	60
Баширова А.М. МЕЧЕТИ И МЕДРЕСЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ	62
Баязитова Р.Р., Дукенбаева З.О. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ	63
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К. ОСВЕЩЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ НАЧАЛА XX ВЕКА В АКАДЕМИЧЕСКИХ ИЗДАНИЯХ: ПАРАЛЛЕЛЬНАЯ ДЕМОНСТРАЦИЯ	68

Беспалинов А.Т. К ИСТОРИИ ПРОИСХОЖДЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ИССЫКСКОГО ХОЛОДНОГО ОРУЖИЯ АКИНАК В СРАВНЕНИИ С ОСТАЛЬНЫМИ НАХОДКАМИ	71
Біләлова Г.Д. ТАСМОЛА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АҢ СТИЛІ	77
Брынза Т.В. ХАРАКТЕРИСТИКА ВЕДУЩИХ ТИПОВ МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ ЭПОХИ СРЕДНЕЙ БРОНЗЫ УРАЛО-КАЗАХСТАНСКИХ СТЕПЕЙ	80
Бурлуцкая (Банникова) Е.В. ОРЕНБУРГСКИЕ КУПЦЫ ДЕЕВЫ В РУССКО-АЗИАТСКИХ КОНТАКТАХ XIX ВЕКА	83
Дауконова Р.Т., Рамазанова Ф.С. НАУЧНОЕ ОПИСАНИЕ КРАЯ В МАТЕРИАЛАХ ДЕЯТЕЛЕЙ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ПОДОТДЕЛА ЗАПАДНО-СИБИРСКОГО ОТДЕЛА РУССКОГО ГЕОГРАФИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА	86
Джуманиязова Н. Х. ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КОНЦЕ XVIII-НАЧАЛЕ XX ВВ. (НА МАТЕРИАЛАХ ОРЕНБУРГСКОЙ ГУБЕРНИИ)	89
Дүкенбаева З.О., Қоскеева Ә.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-ТІЛ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ	93
Dukenbayeva Z.O., Shabambayeva A.G. ABOUT THE RESEARCH OF AKZHAN MASHANOV IN THE ANCIENT HISTORY OF KAZAKHSTAN	96
Елтай А. ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУ МӘСЕЛЕСІ	98
Ерболова А.Е. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ТРУДОВ ИБН-ФАДЛАНА В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ	100
Ерменбаева Г.К. ВКЛАД ТУРГАЙСКОГО СТАТИСТИЧЕСКОГО КОМИТЕТА В ИЗУЧЕНИЕ ФОЛЬКЛОРА	104
Есимова Ж.К. МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ПЕРИОД ОСВОЕНИЯ ЦЕЛИННЫХ И ЗАЛЕЖНЫХ ЗЕМЕЛЬ	107
Вопора G. L., Habdulina M.K. INSCRIBED VESSELS AND SILVER ARTEFACTS FROM SOUTHERN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE 1 ST MILLENNIUM BC	111
Жанақова Н.Т. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ	118
Жанғалиев У.К. ҚЫПШАҚТАР ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ	121
Жаркенова А.М. КЕҢЕСТІК ОДАҚ ДӘУІРІНІҢ 50-80-ЖЖ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІГІ	124
Жаркенова А.М., Жардемова А.А. САРАЙШЫҚ - ЕЖЕЛГІ ҚАЛАНЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ	129
Жауымбаев С.У. ҚАРҚАРАЛЫ ӨңІРІН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ	131
Жумабаева Ж.К. ПРОБЛЕМАТИКА КАЗАХСТАНСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА(1920-1990)	135
Жұмабаева Ж.К. «САРАЙШЫҚТЫҢ КРЕМЛІ» МӘСЕЛЕСІ: АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ	138
Ибадуллаева З.Ө. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ СУНАҚТАР	142

Исенов Ө.И. «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН ТАРИХИ ЕҢБЕКТЕР ХАҚЫНДА	144
Искакова К.Ы., Оразаев С. Б. «ОТАНДЫ ҚОРҒАУДА» ГАЗЕТІ – ЛЕНИНГРАД МАЙДАНЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ӨМІРІНІҢ АЙНАСЫ	147
Исмаилов С.С., Бисембаева А.К. СТАНОВЛЕНИЯ И ЖИЗНЕННЫЕ ОРИЕНТИРЫ Ч.ВАЛИХАНОВА	149
Кабульдинов З.Е. «РАЗНОЕ ПРОИСХОЖДЕНИЕ» ИЛИ ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ПОЛИЭТНИЧЕСКОГО КАЗАХСТАНА (к вопросу о реализации «Доктрины национального единства Казахстана»)	152
Кабылбекова Б.Т. НАУЧНАЯ И ТВОРЧЕСКАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ КАРЛАГА: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ	157
Кабылтаева С.К. РОЛЬ КАЗАХСКИХ ХАНОВ И БАТЫРОВ В ОХРАНЕНИИ ЦЕЛОСТНОСТИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В БОРЬБЕ ПРОТИВ «ДЖУНГАРСКОЙ АГРЕССИИ»	159
Каиржанов А.К. ТАМГОВАЯ ТЕОРИЯ ПРОИСХОЖДЕНИЯ ДРЕВНЕТЮРКСКОГО РУНИЧЕСКОГО АЛФАВИТА	162
Калыш А.Б. К ВОПРОСУ ОБ ЭТНИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЕ РАЗВОДОВ В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ	167
Карибекова М.Е. ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЗИЯЛЫЛАР ҚЫЗМЕТІ	169
Касенов Е.Б. К ПРОБЛЕМЕ ФОРМИРОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ	173
Козаченко Е.А. ЖИЛИЩНО-БЫТОВАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ ЛЮДЕЙ В 70-х ГОДАХ XX ВЕКА НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА	176
Крыкбаева С.М. ӨНЕРДЕГІ РӘМІЗ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘДЕНИ МАЗМҰНЫ	178
Кусаинова Ж.Д. ДВИЖЕНИЕ КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВА: ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ	181
Кушкумбаев А.К. ИСТОРИЧЕСКАЯ СЕМАНТИКА ТЕРМИНА «ЗОЛОТАЯ ОРДА»	184
Қабықаев Е.Ж. КЕҢЕСТІК КЕЗЕНДЕГІ ЗАЙСАН АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ	188
Қашқымбаев А. ЕГЕМЕНДІК ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢ	191
Қуандық Е. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЗАРДАПТАРЫ	193
Мағзумова А.С. ЖАЙЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕРДЕ	201
Мажитов С.Ф. ФЕНОМЕН «ЭПОХИ ПЕРЕМЕН» И НАЧАЛО СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА (1985-1999 гг.)	204
Макашева А.С. ФОРМИРОВАНИЕ АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО УСТРОЙСТВА АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ: ЭКСКУРС В ИСТОРИЮ	207
Малыбаева Б.С. ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА В ЦЕНТРАЛЬНОМ КАЗАХСТАНЕ В 1920-30-ЫЕ ГОДЫ	210
Маутканова А.Т. ЭТНИЧЕСКИЙ СОСТАВ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1999 – 2016 гг.	213

Молдабай Талғат КӨНЕ ТҮРІК ЖАЗУЫ ТАҢБАЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ ЖӘНЕ АВТОХТОНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ	215
Мурат Уали ТРИ КЛАНА, ТРИ ЧАСТИ, ТРИ ЖУЗА	219
Мусабекова Р.М. О РЕПРЕССИРОВАННОМ ПИСАТЕЛЕ КАЗАХСТАНА (о писателе Ю. Домбровском)	221
Мусабекова У.А., Абилкасым М. ЭТНОКУЛЬТУРА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ (НА МАТЕРИАЛЕ ТЮРКСКИХ ПАМЯТНИКОВ)	225
Мұхатова О.Х. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХИ ОЙДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ МАХМҮД ҚАШКАРИ	227
Нуржанов А.А. КЕРАМИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ ГОРОДИЩА КУЛАН	230
Оросхан Б. ТОРЕВТИКА ЖӘНЕ КӨШПЕЛІЛЕР ӨНЕРІ	235
Өтениязов С. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ	237
Pedraski M, Умиткалиев У.У., Айтбаев А.Б., Адельчанов К.С. ПОЛЬСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В ОБЛАСТИ АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ	242
Петрич Л.В. МЕТОДЫ РАБОТЫ ПО ЛИКВИДАЦИИ НЕГРАМОТНОСТИ НЕРУССКИХ НАРОДОВ ОРЕНБУРЖЬЯ В 1920-1930-Е ГОДЫ	244
Рамазанова Ф.С., Балапанова Э.М. ФОРМИРОВАНИЕ МЕХАНИЗМА РУКОВОДСТВА МОДЕРНИЗАЦИЕЙ КУЛЬТУРНОЙ СФЕРЫ КАЗАХСТАНА (20-30 ГГ. XX В.)	247
Рахимбекова А.К., Ботаева З.Ф. ВКЛАД П.И. РЫЧКОВА В ИЗУЧЕНИЕ КАЗАХСТАНА: НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ	250
Рахимбекова А.К., Садвакасова С.У. ИЗ ГЛУБИНЫ ВЕКОВ: ИСТОРИЯ И ЗНАЧЕНИЕ НАГРАД	252
Сабитов Ж.М. ДЖАМИ АТ-ТАВАРИХ КАДЫРГАЛИ ЖАЛАИРИ КАК ИСТОЧНИК О ЖИЗНИ УРУС-ХАНА	255
Садвокасова З.Т., Султанова А. ПУБЛИКАЦИИ ПО ПРОБЛЕМЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПАРТИЙНО-СОВЕТСКОЙ НОМЕНКЛАТУРЫ	258
Садыков Т.С., Жакиянова А.Н. ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗША ТАРИХЫНЫҢ ҰЛТ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ	261
Сайлаубаева Н.Е. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ	263
Сейтказина Қ.О., Тұрсынбек Ж.Қ. ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ӨМІРІНІҢ БЕЛЕСТЕРІ	266
Сейткалиев М.К., Буранбаев Р.Н. ИССЛЕДОВАНИЕ СВЯТИЛИЩ ПОЛУОСТРОВА ТУПКАРАГАН В 2015 ГОДУ	268
Сембаева Ә. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ	270
Сураганова З.К. НЕМАТЕРИАЛЬНОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ ЗАРУБЕЖНОГО АЛТАЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ	272
Сыздыкова А.М. ОРГАНИЗАЦИЯ ГОРНОГО ДЕЛА В ПРОШЛОМ И УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ	276

Сыздық С.Қ. ЖАҢА ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕРІ	278
Танатарова Ж.Т., Кенжебаева С.Е. ИДЕЙНАЯ КОНСОЛИДАЦИЯ МУСУЛЬМАН В ДО-РЕВОЛЮЦИОННЫЙ ПЕРИОД	281
Тастекова Г.Б. 1920-шы ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІ ШЕКАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН АНЫҚТАЛУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХНАМАСЫ	287
Ташагыл А., Акмадиева Г.П. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ	290
Тлеугабұлов Д.Т., Свиридов А.Н. ТОПОГРАФИЯ ПОСЕЛЕНИЙ РАННЕГО ЖЕЛЕЗНОГО ВЕКА САРЫАРКИ	293
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. ШІЛІКТІ ҚОРЫМЫНДА 2016 Ж. ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ (бастапқы хабарлама)	297
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. АЛАКӨЛ АЙМАҒЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ	304
Тұлбасиева С.К. XIX-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ЖАЙЫНДАҒЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРДІҢ ДАМУЫ	308
Түлекова М.К. ЕГЕМЕНДІК ЖЫЛДАРДАҒЫ КӨШІ-ҚОН	312
Туменова Л.Е. XIX Ғ. ҒАЛЫМДАР, САЯХАТШЫЛАР, ЭТНОГРАФТАРДЫҢ БӨКЕЙ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	315
Зәкенұлы Т. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ АРҒЫ БАСТАУЛАРЫ	319
Үмітқалиев Ұ.Ұ. Ә.М. ОРАЗБАЕВТЫҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ	327
Хабдулина М.К. НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ ПРОБЛЕМ РАНИЕСРЕДНЕ-ВЕКОВОЙ АРХЕОЛОГИИ САРЫ-АРКИ	332
Шаймердинова Н.Г., Төребекова С.М. КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ КӨСЕМШЕ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ	335
Шаймуханова С.Д., Баймағамбетова Ж.М. ПРОБЛЕМА ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ К ВОССТАНИЮ 1916 ГОДА В СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ	338
Шахаман З.Б. ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (1999-2016 ГГ.): КРАТКИЙ ОБЗОР	340
Шойбекова А.С. РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ЕРЛІГІ ТУРАЛЫ 1945-1960 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАЙЫМДАУЛАР	344
Шыныбеков Б.Ш. ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАҒЫ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІКТЕГІ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ МЕН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ОРНЫ	346
Ыбырайхан М.Ы. СІБІРЛІК КӨПЕС С.А. ПОПОВТЫҢ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕН ЗАУЫТ ІСІ	350
СЕКЦИЯ – 2. ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ / СТРАНА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ И ЕВРАЗИЙСКИЕ ВЗГЛЯДЫ Л.Н. ГУМИЛЕВА	
Айтмағамбетов Д.Р. ҰЛЫ ДАЛА ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ	354
Арапов Ж.М. ГУМИЛЕВТІҢ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАР ТАРИХЫНА ЗЕРТТЕЛУ КӨЗҚАРАСЫ	356

Әлібек С.Н. Ә.Н.БӨКЕЙХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТҮРМЫСЫ МЕН МӘДЕНИЕТІН СІПАТТАУ	358
Байбулсинова А.С. ҰЛТ ЖОСПАРЫ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ	360
Байбулсинова А.С., Серикова Л.С. ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ: ЗАМАНАУИ ТАНЫМ	362
Бикенов А.Х. Л.Н.ГУМИЛЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨНЕ ТҮРІК ҚОҒАМЫНА ТӘН БІЛІК ИНСТИТУТТАРЫ	367
Болатұлы Нұржан «ҚАЗАҚ ЕЛІ САЯСАТЫ – ТЫНЫШТЫҚ ҒӘМ ТҮРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ: ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ»	370
Бүлекбаев С.Б., Алямова З.А. К ВОПРОСУ ВКЛАДЕ НОМАДОВ В МИРОВОЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ	373
Жақия М.Қ. КАРЛАГ - ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСІРЕТІ ...	376
Искакова К.Ы., Елтай Ақтан Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ПАССИОНАРЛЫҚ ИДЕЯСЫ МЕН ЭТНОГЕНЕЗ ТЕОРИЯСЫ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ	379
Кабылтаева С.К., Комарова Дамира ЕВРАЗИЙСКИЕ ИДЕИ ЛЬВА НИКОЛАЕВИЧА ГУМИЛЕВА И СОВРЕМЕННОСТЬ	382
Кала Н.С. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ	384
Кенжебай Р.Н. Сейдахметова Г.Т. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДА ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕРІ	386
Любичанковский А.В. ЭТНОЛОГИЧЕСКАЯ ДЕТЕРМИНАНТА ВОЗДЕЙСТВИЯ НА ВМЕЩАЮЩИЙ ЛАНДШАФТ В КОНТЕКСТЕ КОНЦЕПЦИИ ЭТНОГЕНЕЗА Л.Н. ГУМИЛЕВА	390
Номогоева В., Раднаева Э.Л. СТАНОВЛЕНИЕ БУРЯТСКОЙ НАУКИ В КОНТЕКСТЕ ЕВРАЗИЙСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	392
Оловинцов А.Г. «ИГО» ИЛИ ТОЛЕРАНТНОСТЬ НА ПРИМЕРЕ СУЩНОСТИ КАСИМОВСКОГО ХАНСТВА В XV-XVII ВЕКАХ	396
Өмірбекова Ж. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ЭТНОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ	400
Пилипчук Я.В. ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА КАРЛУКСКОГО ДЖАБУЯТА	404
Radnaeva E., Talgatbek M., Dukenbaeva Z. AKZHAN AL - MASHANI IS A RESEACHER OF THE GREAT STEPPE CIVILIZATION	407
Рахимбекова А.К. ЭТИКА ДИАЛОГА МЕЖДУ НАРОДАМИ: НА ПРИМЕРЕ «ЛЕСА» И «СТЕПИ»	410
Сакенов Д.Ж. ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ МОДЕЛЬ ГЕНДЕРНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХОВ	413
Серикова Л.С. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО СУВЕРЕНИТЕТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	417
Сыздықов С.М., Смағұлов Н.Б. КҮЛТЕГІН ЖАЗБАСЫНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ТҮРІКТЕРДІҢ «МӘҢГІ ЕЛ» САЯСИ МАНИФЕСТІ	419
Шалдарбекова А. К ВОПРОСУ О ГЕОГРАФИЧЕСКИХ И ХРОНОЛОГИЧЕСКИХ РАМКАХ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	426

12. Панкратова А.М., Абдыкалыков М. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Алма-Ата. 1943.
13. Бекмаханов Е. Казахстан 20-40 годы XIX века. Алма-Ата. 1946. 782 с.
14. Правда. 1937. 22 августа. С.1.
15. Гурьевич Л.Я. . Интеллигенция Казахстана и политика тоталитарного государства в сфере науки и высшего образования (1946-1985). Дис.доктор.ист.наук. Алматы. 1993..
16. Рахимбекова Б.К. Проблемы истории Казахстана второй половины XIX , начала XX века в современной историографии (1985-2000) .Дисс.... канд. истор. наук. Алматы. 2001.

Жұмабаева Ж.К.

«САРАЙШЫҚТЫҢ КРЕМЛІ» МӘСЕЛЕСІ: АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ

Ортағасырлық Сарайшық қаласы қирандысының орны ғасырлар тұңғышында қалған баға жетпес қазынамыз, елдік дәстүрлеріміз бастау алған қасиетті жер. Алтын Орда хандарының ілкі шаһарларының бірі, Ноғай Ордасының бас қаласы, ноғайлы дәуірінен соң Қазақ хандығының астанасы - Сарайшық қазір жермен – жексен болса да, бабалардың ізі қалған осы топырақ ұрпақ санасын толғандыруын қояр емес.

Ол қазақ халқының ата жұртының ұрпағына қалдырған естелігі, адамзат әлемінің өзара байланыстылығының, ықпалдастығының куәсі. Ұлы Жібек жолының бойында орналасып, дүниенің шартарабын, батыс пен шығысты, солтүстік пен Алдыңғы Азиядағы Таяу Шығыс елдерін жалғастырған алтын көпір - Сарайшық тарихы жазба деректерде ғана сақталып қалды. Сонау XIV ғ., араб Ибн Баттутадан бастап, әлем саяхатшыларының көзайымы болып, сән –салтанаты асқан, өркениеттің өзегі, Ұлы Жібек керуендік сауда жолының тірегі болған әсем шаһар бүгінде үйінді боп, әлі белгісіз талай құпияны бүгіп жатыр.

Сарайшықтың қазіргі кейпін көрген әрбір адам, жазба және археологиялық заттай деректер дәлелдеген ортағасырлық көне қаланың бұрынғы «даңқына» сене бермейді. Тіпті кейбір деректік негізі бар мәліметтерге жұртшылық түгілі, кейбір кәсіби мамандардың өзі күмән келтіретіні жасырын емес.

Шындығында, бұл Сарайшық тарихының әлі де тереңірек зерттелу қажеттігін көрсетеді. Қазірде белгілі, ғылыми айналымға түскен барлық дереккөздер және археологиялық деректер негізінде Сарайшық тарихы туралы арнайы зерттеулер[1], монографиялар[2], ғылыми –танымдық кітаптар[3] Сарайшық тарихын толыққанды ете алмайды. Соңғы жылдарда Қазақ хандығының 550 жылдығына орай, көне қала Сарайшық туралы түп деректер енгізіліп, оларға комментарийлер берілген деректер жинағы[4] да оқырманға ұсынылды.

Өйткені тарих ғылымы, оның бірнеше салалары(археология, этнография, тарихнама, деректану, т.б.), өткеннің еншісінде қалған оқиғаларды тек деректер арқылы жаңғыртып, қалпына келтіреді, яғни реконструкциялайды. Сондықтан деректердің неғұрлым молдығы және оған сапалы талдаулар ғана біздің тарихи білімдерімізді кеңейтеді. Ендеше деректердегі мәліметтерді тарихи уақыт пен әлемдік оқиғалармен шендестіре сараптау, оның шындығын ашу (верификациялау) - тарихшының кәсіби шеберлігінің басты көрсеткіші және тарихымыздың «аңыздық» қабығын аршып, ақиқатына жетудің бірден бір жолы. Бұл бағытта өлке тарихшыларының белсенділігі қажет –ақ.

Осы орайда жоғарыдағы деректер жинағына кірген, Сарайшық туралы аңыздардың бірі – «Сарайшық Кремлі» туралы мәселеге Сарайшықтың қағазда хатталып қалған деректерін негізге алып, зерделейік.

Сарайшықтың қағазға хатталған деректері 1333/34 ж., Ибн Баттута мәліметінен басталғанмен, тарихшылар арасында қаланың пайда болуын моңғол заманынан бұрынғы Дешті Қыпшақ дәуірімен, яғни XI ғ. (Әлкей Марғұлан) [5, 3 б], тіпті Хазар заманымен(VII-X ғ.) [6, 304 б.] байланыстыратын пікірлер де кездеседі. Осы пікірді қазақстандық ғалымдардың біразы: С.Әжғали, Б. Ермұханов, Т. Омарбеков, т.б. қолдайды.

Бұл пікірді XIX ғ. императорлық Орыс Географиялық қоғамының мүшесі, белгілі шығыстанушы В.В.Григорьев араб саяхатшысы Ибн-Дасте еңбегіне сүйеніп айтқан еді [7, 47 б]. X ғ., басында өмір

сүрген араб саяхатшысы, жазушысы Ибн-Дасте Каспий теңізінің солтүстігін мекендеген хазарлардың басты қаласы ретінде Сарашеньжәне оның қасындағы Хабнела қалалары туралы, ондағы үлкен құрылыстар, мешіттер туралы мәлімет қалдырған. Сарашеньді жергілікті халық(мұсылмандар) қыстау етіп, көктемде далаға(жайлауға) көшетіні, қыс түсе кейін қайтатыны келтірілген[8,17 б.].

XVII ғ., осман тарихшысы Кятиб Челеби де, оның еңбегін аударған ғалым Д.Девиз де,Сарайшықты Дешті- Қыпшақтың исламға дейінгі мәдени орталығы деп есептейді[9,584 б.].

Сонымен қатар зерттеушілердің бір тобы (Ермұқанов, т.б.) Сарайшықты Хазардың Саксин қаласымен байланыстырады. Алайда соңғы кезде Хазардың Саксин қаласының Еділ бойында болғандығы және оның Сарайшыққа қатысы жоқтығы тұжырымдалды.

Енді мақалаға арқау болған Сарайшық Кремлі туралы XXғ., басындағы Сарайшық құландыларына сипаттама берген орыс деректерін талдайық.

1904 жылы қалашық құландысын көрген, Торғай партиясының агрономы Б.Скалов Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясына Сарайшық жөнінде хабарлап, онда ежелгі қала құландылары бар екенін, одан казактар күйдірілген кірпіштер алатынын, қазба нәтижесінде үлкен бір құмыра табылып, ол бір казактың үйінде сақтаулы екендігін хабарлайды. Б.Скалов жергілікті шіркеу қызметкері А.Лоскутовтың көне бұйымдарды жинаумен айналысатын және оны қалашық қирандысын тонаушылықтан құтқару ісіне пайдалану қажеттігін айтады [10, 56 б.].

Осыған Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясы № 242, 1905 жылғы 23 мамырдағы Сарайшықтың жағдайы туралы сұраныс жіберіп, оған Сарайшық селосының Покровский шіркеуінің священнигі Александр Лоскутовтен жауап хат келеді. Оның № 173, 3 қыркүйектегі алтынордалық қала Сарайшық орнынан табылған жәдігерлер туралы хабарламасы 1905 жылы 23 қыркүйекте Орынбор комиссиясының кезекті мәжілісінде (№ 9 хаттама) тыңдалып, оған комиссия мүшелері : А.В. Васильев, Н.М. Чернавский, М.Я. Божуков, Е.И. Иванов, П.А. Незнамов, А.П. Гра, Д.С. Медведев, Б.С. Сыров, С.А. Подьяконов, В.М. Сенник және іс басқарушы И.С. Шукшинцев қатысып, А.В. Попов төрағалық етті.

Лоскутовтың сипаттауынша, Сарайшықтың тұрған орны Гурьевтен жоғары, 48 шақырымда. Ескі Сарайшық орны шығысынан Жайық өзенімен, батысында – Жайықтың саласы- Сорочинкамен шектеліп, оңтүстігінде және солтүстігінде қабырғалармен қоршалған. Бұл екі қабырға шығыстан, Жайық жағалауынан басталып, батысқа қарай бағыттталып, Сорочинкаға тіреледі. Тік төртбұрыш камал-қаланың әрбір қабырғасы бір шақырымдай, жан –жағынан мықтап қорғалған. Мұның өзі Сарайшық қорғанысының стратегиялық тиімді ұйымдастырылғанын көрсетеді. Дін қызметкері Лоскутовтың айтуынша, сол кезде бұл қабырғалар төмпешіктер(вал) түрінде сақталып, қала орнының құландылары төмпешіктер тізбегін құрап, тұтас төбелерге айналған. Осы төбелер өзінің көлемінде екі шақырымдай жерді алып жатқаны туралы айтылады.

Бұл төбелердегі күйдірілген кірпіш, бедерлі қаптамалар (изразцы), слюда сынықтарына қарап, мұндағы құрылыстардың орасан зор болғанын бағамдауға болады де келе Лоскутов «төбелердің оңтүстігінде дуалмен қоршалған жер бар. Бұл ішкі қоршау құрылыстар ортасындағы Кремль рөлін атқарған. Бұл ішкі қоршау көлемі 250(250 x 2,16 м) саженьді құрайды» дейді.

Лоскутов қарт урядник Михаил Артамоновович Мохначевтың әңгімесіне сүйеніп, (оған оның атасы айтқан), Кремльдің оңтүстігінде күйдірілген кірпіштен салынған мұнара болғандығын, қазір (1905 ж.) оның жоқтығын айтады . Бұл мұнараны Михаил Мохначевтың атасы өз көзімен көрген, сонда шамамен XIX ғасырдың басында бұл мұнара тұрған боп шығады(-Ж.Ж.). Сонда ол екі ұрпақ уақыты, шамамен бір ғасырда құлаған боп шығады.

Лоскутов қабырғалар құландыларынан пайда болған төбелер мен төмпешіктерден (вал) басқа көне Сарайшықтан жер бетінде қалған өзге белгі жоқ дей келіп, казактардың үлкендерінің айтуынша, сол кезден (1905 ж.) 30-40 жыл бұрын мұнда тас қабырғалар қирандылары тұрғанын, және халық көненің құндылығын білмегендіктен, қабырғаны сөгіп, кірпішімен өз үйлерінің еденін төсегені туралы дерек береді. Ол кірпіштің формасы шаршы: 6х6 вершок, вершок- 4,29 см x 6~ 25,8 см), қалыңдығы 2 вершок: 2 x 4,29 см~ 8,9 см және олардың сынықтарынан аяқ алғысыз екендігіне назар аударады.

Лоскутов алтынордалық Сарайшық орналасқан жердің жартысында қазір орыс-казак үйлері салынды, тіпті қала қирандылары үстіне үш: 2 христиандық және 1 мұсылман зираттары салынғанын, себебі Жайық өзені тасығанда, су жайылмасынан қашқан тұрғындар енді үйлері мен зираттарын көне қала орны орналасқан төбелерге көшіргенін айтады. Өлген адамды жерлеу және жерасты қоймалар салу барысында адамдар төбелерді қзғанда кірпіш пен адам сүйектерін тапқан дей келе , Лоскутов «былтыр (1904 ж.-Ж.Ж.) зираттардың қоршауын түзетіп жүрген казактар қыш құмыра мен сұр түсті

мрамордан жасалған шар тауып алғанын, құмыраның биіктігі 1 аршин (71,12 см.немесе оны адым деп атайды -Ж.Ж.),ал шардың диаметрі 6 вершокты: 6 х4,29 см~ 25,8 см құрайды дейді.

Құмырадағы жазу араб алфавитімен жазылғанын, шарды да, құмыраны да, Орал (Уральск) қаласының казагы Иван Артемьевич Аничкин Орал казак әскері кітапханасына сақтауға алып кеткенін хабарлаған священник жергілікті казак әскері билігінің рұқсатымен Сарайшық орнындағы казак үйлеріне және зираттарға жер беру жалғаса берсе, 15-20 жылдан кейін барлық төбелер құрылыспен жабылатынына қынжылыс білдірген және өзінің көне Сарайшыққа қатысты жазба еңбектерді көрмегенін айтқан[4,].

Лоскутов жазбаларын оқи отыра, Сарайшық мұражайы директоры, Молдаш Бердімұратов айтқан Москва Кремлінің Сарайшық үлгісінде салынғаны туралы әңгіме еске түсті. Сарайшыққа экскурсияға келген әрбір келушіге айтылып, Молдаш ағаның «аңызы» ретінде қабылданатын бұл тұжырымның негізсіз емес екендігі, жоғырыда талданған Лоскутов мәліметтерінен көрініп тұр. Әйтсе де зерттеушілер аса мән бере қоймаған бұл тұжырымның қисынсыз емес екендігін ішкі түйсігіміз(интуиция) сендіреді.

Мәселенің шындығына жету үшін мәліметтердің шынайылығын тарихи-салыстырмалы және кешенді әдіспен тексеруге тврвстық. Кремль деп аталатын ішкі қоршаудың, цитадельдің болғанын орыс зерттеушілері арасынан алғаш келген Рычков та, Паллас та растайды[11]. «Кремль» сөзінің этимологиясының түріктік сипаты да көзге ұрып тұр, ішкі цитадельге бұл дуалдардың мұнара арқылы кіретінін ескерсек(қарт казак Мохначевтың атасы көрген), «Кремль» сөзі «кірем»(кіру) немесе «керман»- түркіше қала сөзіне қатысы бар.

Орыстың қала сәулеті өнерінде «Кремль» – қала орталығындағы камал мағынасында тек Москва қаласына ғана тән құбылыс деген болжамды ұсынып зерделейік. Деректерге сүйенсек, орыстың Москвадан басқа қалаларында ағаш дуалмен қоршалған қала орталықтары XI ғ., бастап болған, мысалы Новгород қаласының София соборы (1045-1050 жж.) орналасқан орталығын1044 ж.князь Ярослав салған: ескі Ладогада — 1116 ж., Псковта —XIII ғ., цитадельдер салынған, бірақ олар, жоғарыда көрсеткеніміздей, «детинец» деп аталған. орыс қалаларының ағаштан қоршалған орталығы XIV ғ.. дейін детинец , немесе «кром» аталып, шет, шеп, шек(граница) түсінігіне сай келеді. Сондықтан Кремль сөзі тек Москва қаласына қатысты қолданылған деуге негіз бар. Энциклопедиялық сөздіктерде, «орыс қалаларының орталығын «кремник» дегені 1331 жылғы жылнамада алғаш айтылып, ал XIV ғ., дейін оның «детинец» аталғвны қайталанады. «Кремль» сөзінің этимологиялық мәні орманның ең мықты ағаштар өскен жеріне қатысты айтылады, немесе «кремлевское дерево», ең мықты ағаш деген мағынада қолданылады[12]. Бұдан біз «Кремль» сөзінің ағашқа қатысты мағынасы бастапқы болмағанын, ілкі мағынасы- «қаланың қоршалған, бекітілген ортасы» мағынасына сәйкес орман ағашына қолданғанын көруге болады. Яғни «кремлевник»(«хвойный лес на моховом болоте»; кремль - «лучшая часть заповедника, крепкий и крупный строевой лес»; кремлевское дерево- крепкое строевое дерево» деген сөздер мағыналары Москва Кремлі салынғаннан кейін, «Кремль- ең мықты, ең жақсы, орталық түсінігіне сәйкес шыққан. Ал қала орталығының атауының ағашқа қатысын түсіндіру еш қиын емес, себебі – Москва қаласының орталық дуалдары ағашпен қоршалғандықтан, «Кремль» - ағаш дуалмен қоршалған камал екендігі белгілі. Осыған орай, ғалымдар Москваның ішкі қамалының бірден Кремль аталмағанын, оның тек камал сыртына үйлер салынған соң аталғанын келтіреді.

Осы ойды әрі қарай өрбітіп, сөзіміз дәлелді болу үшін Москва қаласының күшеюі, яғни жаңа орталық боп қалыптасу себептеріне назар аударайық.

Москва княздігі – Алтын Орданың (XIII - XV ғғ.,яғни 1237-1480 жж.) қол астындағы орыстың бытыраңқы княздіктерінен салық жинаушысы боп күшейіп, кейін орыс жерлерін біріктіруші деңгейіне жеткені тарихи ақиқат. Ордаға территориялық жағынан ең жақын және онымен тығыз байланыста болған, Москва княздерінің тастан қала салу тәжірибесін Алтын Орда қалаларының бірі Сарайшықтан алуы әбден мүмкін.

Оған бірінші дәлел Кремль терминіне ұқсас Кремник сөзінің алғаш тарихи дерек жылнамада хатталуы 1331 жылға, яғни Өзбек хан басқарған уақыттағы Алтын Орданың салық жинаушысы, Орда қалаларымен жақсы таныс Иван Калита (Қалта) патша болған кезеңге сәйкес келеді.

Москва князі Иван Қалта(Калита) (1325—1340) Алтын Орда ханы Өзбек, одан кейін Жәнібек хан жарлығымен орыс жерлерінен салық жинап, Ордаға тапсыру жарлығын алғаннан кейін алым-салықты жымқырып, Қалталы Иван атанады. Ақшасы бар айлакер Иван Қалта сатып алу, династиялық неке арқылы Углич, Галич, Мерский, Белозерский княздіктерін біріктіген ол орыс жерлерін бақылауда ұстап, Тверь княздігімен бақталасты. Ол Алтын Орданы өз билігін нығайту мақсатына пайдаланды.

Өйткені Москва- 1325 ж. Киев және Русь жерінің митрополиті Владимир қаласынан Москваға көшкеннен кейін князьдер резиденциясына айналды. И.Калита 1339 ж. Москва Кремлі [HYPERLINK «https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%BE%D1%81%D0%BA%D0%BE%D0%B2%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B9_%D0%9A%D1%80%D0%B5%D0%BC%D0%BB%D1%8C»](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%BE%D1%81%D0%BA%D0%BE%D0%B2%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B9_%D0%9A%D1%80%D0%B5%D0%BC%D0%BB%D1%8C)[HYPERLINK «https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%BE%D1%81%D0%BA%D0%BE%D0%B2%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B9_%D0%9A%D1%80%D0%B5%D0%BC%D0%BB%D1%8C»](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%BE%D1%81%D0%BA%D0%BE%D0%B2%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B9_%D0%9A%D1%80%D0%B5%D0%BC%D0%BB%D1%8C) қабырғаларын тастан салып,көлемді құрылыстар бастады, оған дейін олар ағаштан салынғаны белгілі, оған суретші Васнецовтың әйгілі суреті дәлел бола алады. Суретте Москваның орталығы ағаш дуалмен қоршалып тұр.

Москваға ең жақын орналасқан Алтын орда қалалары- Сарай Бату немесе Сарай Беркеде * Кремль болғаны туралы айтылмайды, ал Астрахань Кремлінің құрылысы көп кейін, 1582-1589 жж., салынғанын ескерсек, Молдаш ағай Бердімұратов айтқан болжам дұрыс болады. Орыс тарихшылары, Алтын Ордада бұрын айтылғандай, екі астана болмағанын, тек оның билеушілер атына орай осылай аталғанын дәлелдеп, екі астана және жаңа астана – «Сарай - әль Джадид» туралы пікірлердің қате екендігін тұжырымдады[13].

Иван Калита патша тұсында Москваны Сарайшықтың Кремлі үлгісінде реконструкциялауы шындыққа жақын. Калитаның Сарайшыққа келмеуі мүмкін емес, өйткені ол сол замандағы аса маңызды, «үлкен үй» орнындағы хан Ордаларының бірі. Оның салыну уақыты да қазіргі Астрахань облысының Харабайлы ауданындағы Сарай-Батудан бұрынырақ(1246 ж.), және Өзбек ханның ұлы Жәнібек хан тұсында Сарайшықта үлкен сарайлар тұрғызылып, оның көп уақытын осында өткізіп, жерленгені де белгілі жайт.

Москва Кремлі орналасқан территория аумағы Иван Калита заманында Москва қаласының аумағын құрайды. Ресей ғалымдары Москва Кремлін басты рухани және билік құрылымдары, құндылықтар орналастырылған қасиетті орын санап,оның Ресей тарихындағы рөліне басты назар аударады. Олардың пікірінше, Москва «Кремлі» ғана Ресейдің бас қаласы және мемлекеттің орталығы ретінде «биліктің заңдылығы мен сабақтастығын білдіретін сакральдық кеңістік ретінде маңызға ие». Орыс мемлекетінің астанасы- Петербург болған кезде патшалардың коронациясы Москва Кремлінің Успен Соборында өткізілгеніне, және ең басты некропольдің де Кремльде болғанына, оның тарихи сабақтығы кеңес дәуірінде Ленин мавзолейінен көрініс тапқанына[14] назар аударады. Атеистік Кеңес мемлекеті де Кремльдің бұрынғы сакральдық кеңістігінің тарихи ассиметриясын пролетариат көсемі Лениннің зиратын салу(А.В.Щусев) арқылы түзетіп,биліктің сабақтастығы және тұрақтылығын паш етіп, тарихи құндылықтарына адал екендігін көрсеткен.

Осы Кремльдің сакральдық кеңістік ретіндегі мәні де Сарайшық қаласына өте ұқсас. Сарайшықтың діни-рухани орталық болғандығы, және сакральдық мәні Алтын Орда хандары мен кейінгі Қазақ хандары жерленген хан зиратының Сарайшықта екендігі барша жұртқа мәлім. Ендеше Москва- Алтын Орданың мұрагері деген орыс тарихшыларының тұжырымының Көне Сарайшыққа да қатысы бар. Ал Сарайшық Ұлы дала мемлекеттілігі сабақтастығының символы боп қала береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тасмағамбетов И., Самашев З. Сарайчик. Алматы.2001. – 320 с.
 2. Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. Сарайшықтың қыш бұйымдары. Алматы.2008. – 264 с.;
- Мұстафин Ж.Ж. Ортағасырлық Сарайшық. Атырау.«Ағатай» баспасы. 2015. 179 б.
3. Отчет Гурьевского отряда Западно-Казахстанской археологической экспедиции (рук.В.Афанасьев) Институтаистории, археологии и этнографии им.Ч.Валиханова.1991.;Отчет Гурьевского археологического отряда (рук.В.Афанасьев) 1992.; Отчет Гурьевского археологического отряда.(рук.В.Афанасьев) 1993//Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің қоры.
 4. Жұмабаева Ж.К., Кипиев М.К «Сарайшық – бабалар мұрасы» .-Атырау. «Ағатай» баспасы. 2015. -224 б.
 5. Маргулан А.Х. Раскопки Сарайчика. Тезисы доклада на Всесоюзном археологическом совещании 1951 г.// Архив Института археологии им. А.Х.Маргулана. Инв.№763 а.- 6 с.
 6. Толстов С.П. Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция Академии наук 1950 г. // Советская археология. М., 1953. Т.18. С.301-325
 7. Григорьев В.В. О путешествии Гарбера в Хиву в 1732 г. //Известия Императорского Русского

Географического общества. 1870. Т. 6, С. 46-47

8. Известия о хазарах, бургасах, болгарях, мадьярах, славянах и русах Абу-Али-Ахмеда бен-Омара Ибн-Даста. Пер. Д. А. Хвольсона. СПб., 1869. 199с

9. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. М., 2002. 752 с.

10. Протокол №14. Очередное заседание (Оренбургской ученой архивной комиссии) 17 декабря 1904 г. // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып.16. Оренбург. С.49-57.

11. Рычков П. Топография Оренбургская. Ч.1. СПб. 1762. 331с.; [13, Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи. Ч.1. СПб., 1773. 657 с. 610-612.

12. Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона : в 86 т.— СПб., 1890—1907. Кремль-цитадель города.

13. **Рудаков В. Г.** Вопрос о существовании двух Сараев и проблема локализации Гюлистана // «Ученые записки» («Гыйльми язмалар») Татарского государственного гуманитарного университета. Казань. 1999 г. Выпуск 7. Отв. редактор Ф. С. Хакимянов. Стр. 92-120.

14. Гулари М.Н., Лашенко Н.С. Культурное наследие как ориентир градостроительного развития Москвы XXI века // http://culturolog.ru/index.php?option=com_content&task=view&id=1123&Itemid=12#_ftnr

Ибадуллаева З.Ө.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ СУНАҚТАР

Қазақ халқында үш жүздік генеалогиялық қатынасқа енбейтін қазақ этносы құрамындағы элементті құрайтын топтар бар. Сондай топтардың бірі қазақ халқының құрамындағы қожалар, төрелер, сунақтар және т.б. Олардың этнос құрылымының элементі болып табылатын этникалық жүйе ретінде қазақ ұлтының бір бөлігіне айналғанына да көптеген ғасыр өтті. Этностың құрылымындағы мұндай даралану Л.Н.Гумилев бойынша, субэтнос болып табылады [1;108]. Субэтникалық ұғым белгілі бір этностан әлеуметтік, мәдени, әдет-ғұрыптық, тілдік, территориялық ерекшелігі бар топ. Осы орайда жергілікті жарде «қожа сунақ бір туған» деген ұғым қалыптастырған сунақтардың да генеалогиялық шығу тегі мен этномәдениетінде кейбір ерекшелікті белгілері сақталғандықтан, ол қазақ халқының құрамындағы субэтникалық топтың бірі саналады.

Сунақтар— арғы тегі Әбубәкір Сыдықтан тарайтын ұрпақтың бірі. Сунақтардың этногенездік шығу тарихы XII ғ. өмір сүрген Алла Умей Хисамутдин Сахиби Нихая есімімен тығыз байланысты [2]. Хисамутдин, айтылу ерекшелігінде өзгерістерге ұшырау арқылы Ысамиддин, Асаммаддин аталып, ол жергілікті жарде Сунақ Ата аталып кеткен. Ысамиддин сунна мәзһабын қуашылардың атасы ретінде танылып, Сыр бойына шарифат заңы ілімдерін таратқан. Ел аузындағы мәліметтер бойынша, ол қайтыс болғаннан кейін қасиетті әулие атанып, бейіті ұрпақтарының атақты орны болып саналды. Олардың тарих сахнасындағы орны туралы белгілі қоғам қайраткері С. Сартаев: «Сунна-ақ, арабша «әһлі Сунна», яғни «сунналық адамдар» кейін қазақша Сунаққа айналып кеткен. Өздерінің идеялық ұраны ретінде Құдай бір, Пайғамбар хақ, Сунна-ақ деп жариялап, көп құдайға табынушылардың арасында үгіт жұмысын жүргізген. Көшпелі дала халықтарын аралап, Құран мен Сунна жолдарын, шарифат заңдарын тарата бастаған. Дінмен қоса білім таратып, ғылымға даңғыл жол ашты. Мешіт тұрғызып, медреселер тұрғызып балаларды тәрбиеге баулып, оқытты. Ислам діні өнер мен білімнің де нұрын ала келді. Руханият, білім және ғылым орталықтары ашылды», - деп атап көрсетеді.

Шежірелік деректерге сүйенсек, Әбубәкір Сыдық пен Ысамиддин арасы 16 ата. Оны шежіре бойынша таратқанда; 1.Әбубәкір, 2.Әбділла Сұлтан Мұхаммед, 3.Әзіреті Ақсұлтан, 4. Сұлтан Қасым, 5.Сұлтан Кәһи, 6.Сұлтан Мәулүт Шайық, 7. Мүлкиша, 8. Шабур Мәлік, 9.Сүлеймен Мәлік, 10.Мансур Мәлік, 11.Піржан Мәлік, 12.Әбділ Мәлік, 13.Қайсар Мәлік, 14.Қайюм Мәлік, 15.Әбділла Мәлік, 16.Ысамиддин (Сунақ ата) [3; 131]. Осы Ысамиддиннен тараған ұрпақтар Сунақтар аталып кеткен. Сунақ сөзі әртүрлі этимологиялық өзгерістерге ұшырап «Сувнақ», «Сугнақ», «Сыгнақ», «Сунна-ақ», «Сагнақ», «Сыгнақ» аталған. Олардың ең алғашқы тұрақ мекені ХІҮғ. Ақ Орда астанасы болған Сығанақ қаласы [4; 96] қазіргі Жаңақорған ауданының Сунақ Ата ауылынан 2 шақырым жерде. Бұл туралы зерттеушілердің бірі Қ.Біржанов өзінің этнографиялық мәліметтерінде де атап өткен. Сондай-ақ ел арасындағы мәліметтер негізіне сүйенсек, «Сунақ» ұғымның астарында «суы нақ» деген түсінік бар деп, оны Сырдария өзенінен аққан су белгілі бір арнаға нақ түсіп аққандықтан деп түсіндіреді.

Дегенмен де, сунақтардың шығу тегі туралы әр түрлі көзқарастар бар (оны айтушылар